

Өзбекстан Республикасының 2001 жылғы 22 мамырда қол қойылған Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылатын және үшінші елдерге әкетілетін тауарлардың кері экспортын кедендік бақылау туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы хаттамаға қосылуы туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 желтоқсандағы N 1176 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Өзбекстан Республикасының 2001 жылғы 22 мамырда қол қойылған Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылатын және үшінші елдерге әкетілетін тауарлардың кері экспортын кедендік бақылау туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы хаттамаға қосылуы туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Өзбекстан Республикасының 2001 жылғы 22 мамырда қол қойылған Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылатын және үшінші елдерге әкетілетін тауарлардың кері экспортын кедендік бақылау туралы хаттамаға қосылуы туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы хаттамаға қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 6 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 1 7 6 қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

Өзбекстан Республикасының 2001 жылғы 22 мамырда қол қойылған Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылатын және үшінші елдерге әкетілетін тауарлардың кері экспортын кедендік бақылау туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы хаттамаға қосылуы туралы хаттама

1995 жылғы 6 және 20 қаңтардағы Кеден одағы туралы келісімдерге қатысушылар болып табылатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының

Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі бір тараптан және Өзбекстан Республикасының Үкіметі екінші тараптан,

Өзбекстан Республикасының 2006 жылғы 25 қаңтарда қол қойылған Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шартқа қосылуы 2000 жылғы 10 қазандағы туралы хаттаманы назарға ала отырып,

2001 жылғы 22 мамырда қол қойылған Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылатын және үшінші елдерге әкетілетін тауарлардың кері экспортын кедендік бақылау туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы хаттаманың 9-бабын басшылыққа ала отырып, мына төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Өзбекстан Республикасының Үкіметі 2001 жылғы 22 мамырда қол қойылған Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылатын және үшінші елдерге әкетілетін тауарлардың кері экспортын кедендік бақылау туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы хаттамаға қосылады және одан туындайтын құқықтар мен міндеттемелерді толық көлемде өзіне қабылдайды.

2-бап

2001 жылғы 22 мамырда қол қойылған Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылатын және үшінші елдерге әкетілетін тауарлардың кері экспортын кедендік бақылау туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы хаттаманың 1-бабының үшінші бөлігінің мақсаттары үшін Өзбекстан Республикасы мен ЕурАзЭҚ-қа мүше басқа да мемлекеттердің арасындағы қарым-қатынастарда олар Өзбекстан Республикасы үшін күшіне енген күнінен бастап Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкіметтерінің басшылары кеңесінің 2000 жылғы 30 қарашадағы шешімімен бекітілген Тауарлардың шығарылған елін айқындау ережелері қабылданады.

3-бап

Осы Хаттаманы түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар консультациялар немесе келіссөздер жолымен шешіледі.

4-бап

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және депозитарий - Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитеті

оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

2006 жылғы " _____ " _____ қаласында орыс тілінде бір данада жасалды.

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы оның куәландырылған көшірмесін оған қол қойған үкіметтерге жіберетін депозитарийде сақталады.

Б е л а р у с ь Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі үшін

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі үшін

Қ ы р ғ ы з Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі үшін

Р е с е й Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң

Үкіметі үшін

Ө з б е к с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі үшін